

Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және сату ережесін, Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 568 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 тамыздағы N 1041 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.10 N 1041 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және сату ережесін, Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесі бекітілсін.

2. "Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 желтоқсандағы N 1822 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 54, 598-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Коммуналдық қызмет көрсету ережелерінде:

1) "газбен жабдықтау", "газбен жабдықтаумен", "газ", "газды", "газдың" деген сөздер алынып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Газбен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтердің көрсетілуімен байланысты мәселелер жекелеген нормативтік құқықтық кесімдермен реттеледі."

;

3) 5-тармақтағы 5) тармақша алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 11 маусымдағы

N 568 қаулысымен

бекітілген

заңды негізде қызметтің осы түріне арналған лицензияның негізінде осы тораптар бойынша газ тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін ұйым;

газ тарату тораптары - газ қабылдау (беру) пунктiнен тұтынушыларға дейiн газ берудi қамтамасыз ететiн қалалық, поселке аралық, поселкелiк, ауылдық, көшелiк, аулалық газ құбырлары;

газ тасымалдау ұйымы - өз меншiгiнде магистральды газ құбырлары-тарамдары, олардағы үймереттерi бар немесе өзге де заңды негiзде қолда бар лицензия негiзiнде қызметтiң осы түрiн жүзеге асыруға осы газ құбырлары бойынша газды тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін ұйым;

газ тасымалдау жүйесi - газ тасымалдау, газ тарату ұйымының меншiгiне немесе өзгедей заңды негiзде қарайтын магистральдық газ құбырларын, газ құбырлары-тарамдарын, газ тарату тораптарын, олардағы үймереттердi қамтитын газ құбырларының жүйесi;

газ қоймасы - маусымдық бiрқалыпты емес газ тұтыну кезеңiнде газдың жеткiзiлуiн қамтамасыз етуге арналған газдың технологиялық қоры ұсталатын магистральдық газ құбырының құрамдас бөлiгi болып табылатын жерүстi жабдықтарымен кешендес жерасты үймереттерi;

бiрыңғай газ торабы - магистральдық газ құбырларын, газ құбырлары-тарамдарын, газ тарату тораптары мен тұтынушының кiрiсiндегi крандардан жабдыққа дейiнгi газ құбырларын қоса алғанда, газды жеткiзушiлер мен тұтынушыларды байланыстыратын газ құбырлары;

диспетчерлiк кесте - газды жеткiзушiнiң тасымалдаушыға берген өтiнiмiне сәйкес газ жеткiзудiң сағаттық кестесi;

магистральдық газ құбыры - газ кен орнынан, газ қоймасынан, мұнайгаз өңдеу ұйымынан газ қабылдау (беру) пунктiне дейiнгi газ тасымалын қамтамасыз ететiн газ құбыры;

газдың артық шығыны - тұтынушының газ жеткiзудiң (тұтынудың) тәулiктiк нормасынан артық көлемде газ алуы;

жеткiзушi - газ қорына иелiк ететiн және тұтынушыларға газ жеткiзудi қамтамасыз ететiн заңды немесе жеке тұлға;

тұтынушы - өзi тұтынуы үшiн газ алуға шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлға;

газдың есебiн алу аспаптары - нормаланған техникалық сипаттамасы бар және көлемнiң және/немесе энергия құрамы бiрлiгiнде газ санын өлшеуге арналған өлшеулер аспабы;

газ қабылдау (беру) пунктi - жеткiзушi, газ тасымалдаушы, газ таратушы ұйымдар мен тұтынушы арасындағы шартпен белгiленетiн әдетте газ өлшеу құралдарымен жабдықталған газ жеткiзу пунктi;

есептесу кезеңi - жеткiзiлген газ көлемi анықталатын, жеткiзушi, газ

тасымалдау, газ тарату ұйымдары мен тұтынушы арасындағы жеткізілген газ үшін өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Тараптар келісілген есеп айырысу кезеңі шартта көрсетіледі;

газды жеткізудің (тұтынудың) орташа тәуліктік нормасы - шартпен белгіленген, бір айда жеткізілетін газ мөлшерін сәйкес айдың күнтізбелік күндер санына бөлу жолымен анықталатын газ мөлшері;

газды жеткізудің (тұтынудың) тәуліктік нормасы - тараптардың келісімі бойынша диспетчерлік кестемен белгіленген тәуліктік газ мөлшері;

тасымалдаушы - магистральдық газ құбырларын, газқұбырлары-тарамдарын, газ қоймаларын, газ тарату тораптары және олардағы үймереттерді пайдалануды, газ тасымалдауды жүзеге асыратын тиісті лицензиясы бар қамтамасыз ететін ұйым (газ тасымалдау, газ тарату ұйымдары);

газ тасымалы - газ тасымалы жүйесі бойынша газ қабылдап алу, ауыстыру және беру ;

газ құбырындағы газдың технологиялық қоры - магистральдық газ құбырларында, газқұбыры-тарамында, газ тарату тораптарында газ тасымалдаудың жұмыс режимін қамтамасыз ету үшін қажетті газдың ең аз мөлшері ;

газ қоймаларындағы газдың технологиялық қоры - жылу беру уақытында газды мейлінше көп тұтыну кезінде газды жеткізу үшін, сондай-ақ газ құбырларында апаттық жағдайлар туындаған кезде қажетті газ қоймасындағы газдың ең аз қоры ;

уәкілетті орган - мұнай-газ өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

монополияға қарсы орган - табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.24 N 870, 2010.12.22 N 1398 Қаулыларымен.

2-бөлім. Газды жеткізу мен тасымалдаудың тәртібі

3-тарау. Газды жеткізу тәртібі

5. Газды жеткізу осы Ереженің және басқа да құқықтық нормативтік актілердің талаптарына сәйкес жеткізуші мен тұтынушы арасындағы газ

жеткізуге байланысты жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Газды жеткізу жөнінде шарт жасасуға ұсынысты жеткізуші, әдетте, газ алуға байланысты алдын-ала өтінім білдірген тұтынушыға жібереді.

6. Абоненттер заңмен белгіленген тәртіпте пәтер иелері кооперативтеріне немесе кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асырушы өзге де жеке немесе заңды тұлғаға шарт жасасу жөніндегі өз өкілеттіктерін табыстауға құқылы. Бұл ретте шарт жасасу жөнінде өкілеттіктерді табыстау, әдетте, жеткізушінің атына жіберілетін абоненттің (абоненттердің) өтінімімен немесе кондоминиум қатысушыларының жалпы жиналысының хаттамасымен ресімделеді.

7. Тұтынушыларды газдандыру мүмкіндігін газ тарату тораптары магистральдық газ құбырлары мен елді мекендегі газ тарату тораптарының өткізу қабілетін есепке ала отырып анықтайды.

8. Газды жеткізуге шарт жасасудың шарттары газды тиісінше жеткізу үшін құқықтық, техникалық (технологиялық) және ұйымдастырушылық шарттардың бар-жоқтығы болып табылады, оның ішінде:

тұтынушы тарапынан - газ тұтыну қондырғылары, жабдықтарының ақауы жоқтығын растайтын газ жабдықтарын пайдалану жөніндегі рұқсат құжаттарының бар-жоғы;

жеткізуші тарапынан - газ көлемінің сәйкестігін растайтын құжаттарының (ресурстық анықтама, газды сатып алу жөніндегі келісім-шарттың нотариус растаған көшірмесі) бар-жоқтығы.

9. Ереженің 7-тармағында белгіленген жағдайлар болмаған кезде, тараптар шарт жасаспауға немесе сондай жағдайлар туындағанға дейін оның қызметін тоқтата тұруға құқылы.

10. Резервтік ретінде отынның басқа түрі белгіленген тұтынушылармен жасалған шарттарда міндетті түрде тұтынушының күз-қыс кезеңінде газ шығынын газ тұтыну брони деңгейіне дейін қысқарту жөніндегі міндеттемесі көзделеді.

11. Тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету газ тарату тораптарының тиісті техникалық жай-күйі, тұтынушылар бірыңғай газ торабын, құралдар мен жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаған кезде жүргізіледі.

Тұтынушы қауіпсіз пайдалану шарттарын бұзған кезде жеткізуші, тасымалдаушы біржақты тәртіппен тұтынушы ереже бұзушылықты жойғанға дейін газ беруді тоқтата тұруға құқылы.

12. Жеткізуші газ жеткізудің белгіленген орташа тәуліктік нормасы шегінде ай бойы тең мөлшерде, ал қажет кезінде, тараптардың және тасымалдаушының келісуі бойынша - диспетчерлік кесте бойынша газды жеткізуге, ал тұтынушы (абоненттерді қоспағанда) алуға (іріктеп алуға) міндетті.

13. Күз-қыс кезеңдеріндегі ауа-райының құбылуымен туындаған газ жеткізудің (тұтынудың) орташа тәуліктік нормасының асып кетуі жеткізушілер газ иесімен (егер жеткізуші газ иесі болмаса) және тасымалдаушымен келісе отырып, газ қоймасындағы газдың технологиялық қоры есебінен, сондай-ақ жеткізушінің басқа да көздері есебінен жабылуы мүмкін. Мұндай жағдайда мөлшерден тыс газ алу газ жеткізудің (тұтынудың) орташа тәуліктік нормасының 5%-нан асып кетуі мүмкін емес.

14. Газ жеткізу (тұтыну) орташа тәуліктік нормадан 5 % асқан кезде ол туралы тұтынушыға ескерткен сәттен бастап үш сағат өтісімен, жеткізушінің келісімі бойынша тасымалдаушыға газ жеткізудің (тұтынудың) орташа тәуліктік нормасына дейін газ беруді мәжбүрлі түрде шектеу жүргізуге құқық беріледі.

15. Ай сайын газ жеткізудің (тұтынудың) әркелкілігіне тек тұрғындардың коммуналдық-тұрмыстық қажеттеріне жеткізу кезінде жол беріледі.

Коммуналдық-тұрмыстық ұйымдарды жылу энергиясымен қамтамасыз ететін қазандықтар мен жылу электр станцияларына газ берудің әркелкілігіне жеткізуші мен тұтынушы арасында жасалған шарт пен осы Ереженің талаптарында айтылған нормалар шегінде жол беріледі.

16. Жеткізушінің келісімінсіз газды артық жұмсаған кезде, тұтынушы қосымша шартта белгіленген көлемнен тыс алынған (алынып қойылған) газ көлемінің құнын және әрбір тәуліктер үшін газ тасымалының құнын мынадай коэффициент қолданғанымен төлейді:

15 сәуірден бастап	15 қазанға дейін	- 1,2;
15 қазаннан бастап	15 сәуірге дейін	- 1,5.

Осы ереже абоненттердің жұмсаған газ көлемі үшін қолданылмайды.

17. Жеткізу және тасымалдау шартында көзделген газ қысымы оны тұтынушылар газ жеткізудің тәуліктік нормасы шегінде алған жағдайда сақталады.

18. Апат жағдайлары және басқа да тежеусіз күштердің басқа да жағдаяттарымен туындаған газ жеткізушілердің шектеулері жағдайда жеткізушінің ұсынысы бойынша және жергілікті атқару органдары төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік органның келісімі бойынша тұтынушыларды газ тарату желілерінен ажырату кезегіне қоюға дейін бара отырып, тұтынушыларға газ жеткізуді шектеу кестесін бекітеді. Бекітілген кестелерді газ таратушы мекемелер диспетчерлік қызмет арқылы тұтынушыларға жеткізеді.

19. Газ толық алынбаған кезде тұтынушы кейін тәуліктік норма шегінде газ жеткізілімдерін талап етуге құқылы.

20. Қазақстанға газ импорт арқылы келген жағдайда жеткізуші тасымалдауға шарт жасасқан соң, импортталатын газдың уақытында және тиісті кедендік ресімдеуін жасайды.

4-тарау. Газды тасымалдау тәртібі

21. Газ тасымалдау газ тасымалдау шарты негізінде жүзеге асырылады. Газ тасымалдау туралы шарт жасасуға ұсынысты тасымалдаушы, әдетте, газ тасымалдауға алдын-ала өтінім білдірген жеткізушіге жолдайды.

22. Газ тасымалдау шартының жағдайлары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрпаттық шартқа сәйкес келуі тиіс.

Тұрпаттық шарттың жағдайлары тараптардың келісімімен толықтырылуы мүмкін.

23. Газ тасымалдауға шарт жасасудың негізі жеткізушінің тиісті көлемдегі газдың (ресурстық анықтама, газды сатып алу шарттың нотариалды расталған көшірмесі және басқа да құжаттар), газ жеткізу шартының бар-жоқтығын құжаттық растауы болып табылады.

24. Газ тасымалдау шарттары Ережемен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ газ тасымалдау шартының жағдайларымен реттеледі.

5-тарау. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін газ транзитінің тәртібі

25. Үшінші елдерге газ экспорттайтын жеткізушілер мен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы газ транзитін жүзеге асыратын жеткізушілердің (тұтынушылардың) газ тасымалдау жүйесін, оның ішінде газ қоймаларын пайдалану, сондай-ақ газ транзитіне байланысты өтінімдерді қарау Ережеге, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, сондай-ақ газ тасымалдаушы ұйым мен жеткізушілер (тұтынушылар) арасындағы газ транзиті шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Үшінші елдерге газ транзитіне өтінімді қарау үшін жеткізуші Ереженің 19-тармағына сәйкес құжаттарға қосымша аумағы арқылы газ тасымалы жүзеге асырылатын елдердегі газ құбырлары иелерінің мәлім еткен көлемдегі газды тасымалдауға жазбаша рұқсатын қоса ұсынады.

6-тарау. Газ тасымалдау жүйесіне қол жеткізудің шарттары мен тәртібі

27. Тасымалдаушы мынадай жағдайларда жеткізушінің газ тасымалдау жүйесіне кез-келген уақытта еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге және газ тасымалдау шартына қол қоюға міндетті:

1) газ тасымалдау жүйесіндегі мәлімделген газ көлемін оны жеткізудің барлық кезеңінде қосылған жерден бастап газды алу орнына дейін тасымалдауға б о с қ у а т т а р б о л ғ а н д а ;

2) жеткізілетін газдың сапасы, егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес болғанда.

28. Жеткізуші газ тарату жүйесіне қол жеткізуді алу үшін мынадай негізгі мәліметтері бар өтінімді ұсынады: жеткізушінің реквизиттері, жеткізушінің деректемелері, газ жеткізудің көзі, көлемдері мен мерзімдері, сондай-ақ Ереженің 7-тармағында көрсетілген құжаттар.

29. Тасымалдаушы газ тасымалдаудың шектеулі көлемінде газ тасымалдауға өтінімдер бойынша шешімді тұтынушылардың басымдылығы мен төлем шарттарына қарай қабылдайды.

30. Жеткізуші тасымалдаушының сұранымды жартылай қанағаттандыру туралы қабылдаған шешімімен келіспеген немесе шарт жасасудан бас тартуы кезінде жеткізуші уәкілетті органға арыздануға құқылы. Уәкілетті орган он күн мерзім ішінде, қажет кезде, тәуелсіз сарапшы ұйымдар мен тасымалдаушыны тартумен ұсынылған материалдарды қарап, жеткізуші мен тасымалдаушы орындауға міндетті шешім қабылдайды. Уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

31. Т а с ы м а л д а у ш ы :

1) уәкілетті органның сұрауы бойынша газ тасымалдау жүйесінде бос қуаттардың бар-жоқтығы туралы ақпарат пен белгілі бір кезеңде белгілі бір учаскелерде газ тасымалдау жүйелерінің қуатын пайдалану бағдарламасын ұ с ы н у ғ а ;

2) тасымалдаушының міндеттемелерін орындауға ықпал ететін жоспарланып отырған жөндеу және профилактикалық жұмыстар туралы тұтынушыларды хабардар етуге міндетті.

32. Газ тасымалдау жүйесіне жаңадан жабдықталған газ құбырын қосу үшін жұмсалатын барлық шығындарды, егер тасымалдаушымен жасалған келісімде басқаша белгіленбесе, құбырды осындай қосуға ынтагер төлейтін болады.

7-тарау. Газдың есебін алу тәртібі

33. Газды жеткізуге, тасымалдауға және алуға оның көлемін есептемейінше жол берілмейді.

34. Қолданыстағы стандартқа сәйкес газ көлемінің өлшем бірлігіне Цельсий бойынша 20 градус температурасы және сынап бағанасының 760 мм қысымы кезіндегі бір текше метр газ қабылданады.

35. Магистралдық газ құбырларындағы тасымалданған газ көлемінің есебі, әдетте, газ тарату станцияларында орнатылған газ тасымалдау ұйымдарының газ есептеу құралдары бойынша, олар болмаса немесе бұзылған жағдайда - әдетте, газды қабылдау (беру) пункттерінде орнатылған газ тасымалдау ұйымдарының газ есептеу құралдары бойынша немесе есептеу жолымен жүргізіледі.

Газ тарату ұйымының газ тарату құбырлары арқылы тасымалданған газ көлемінің есебі, әдетте, газды қабылдау (беру) пункттерінде орнатылған газ есептеу құралдары бойынша немесе есептесу жолымен жүргізіледі.

Тасымалданған газ көлемінің есебі тараптардың өкілдері қол қойған актімен ресімделеді. Акт нысаны мен оның жасалу мерзімі газ тасымалы шартында айтылады.

36. Абоненттер пайдаланатын газ көлемінің есебі:

жеке есептеу құралдары бойынша;

ұ ж ы м д ы қ :

көп қабатты үйлердің кіреберістерінде орнатылған не жалпы үй ішілік; жеке үйлер үшін реттегіш шкафтарда немесе газ реттейтін пункттерде орнатылған ұжымдық есептеу құралдары бойынша; жеке немесе ұжымдық есептеу құралдары болмаған жағдайда, тиісті мемлекеттік орган бекіткен тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі.

37. Тұтынушылардың өндірістік-шаруашылық қажеттеріне пайдаланған газ кө л е м і н і ң е с е б і :

газ қабылдау (беру) пункттерінде орнатылған есептеу құралдары бойынша; есептеу құралдары болмаған жағдайда, газ тұтынушы қондырғының қуаттылығы бойынша жүргізіледі.

38. Тасымалдаушы ай сайын есепті айдан кейін келетін айдың 5-не дейін тасымалданған газдың тәуліктік көлемін көрсетумен берілген (қабылданған) газ көлеміне акт жасап, оны газ тасымалдау шартының екінші тарабына жолдайды. Екінші тарап үш күн ішінде актіге қол қояды не, берілген газдың көрсетілген көлемімен келіспеген жағдайда, тасымалдаушыға өзінің келіспеушілік хаттамасын жібереді, ол алған сәттен бастап бес күн ішінде қаралады.

39. Берілген (қабылданған) газ көлеміне байланысты дау болған жағдайда олар шарттың ережелеріне сәйкес немесе сотта шешілуге жатады.

40. Сот шешім қабылдағанға дейін берілген (қабылданған) газдың көлемі газ тасымалдау ұйымдарының газ есептеу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкес белгіленеді.

41. Берілген (қабылданған) газ көлемінің есебі газ есептеу аспаптарын пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі.

42. Газ есептеу аспаптарын қолдану мен тексеру Қазақстан Республикасының "Өлшеу бірлігін қамтамасыз ету туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

43. Газ есептеу аспаптарын орнатуды тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

44. Газ есептеу аспаптарын сатып алу мен орнатуды қаржыландыру тасымалдаушының жеке немесе қарыздық қаражаты есебінен жүргізіледі. Тұтынушы алынған немесе орнатылған есептеу аспаптары үшін тасымалдаушының шығындарын газ тасымалдаудың тарифі арқылы өтейді.

45. Тұтынушының есептеу аспабын өзі сатып алуға құқылы, бұл ретте оны орнату жөніндегі шығынды есептеу аспабын орнатқан ұйым мен тұтынушы арасындағы шарт бойынша немесе газ тасымалдау тарифі арқылы өтейді.

46. Газ құбырларындағы газ есептеу аспаптарының техникалық жай-күйі мен тексеру үшін жауапкершілік газ құбырларының иелеріне (жалға алушыларға), ал өзге жағдайларда - газ есептеу аспаптары орнатылған тұтынушыларға жүктеледі.

Шарттың әрбір тарабы келесі тараптың уәкілетті өкіліне газ есептеу аспаптарын, оның мемлекеттік тексеруден өткендігі туралы қолданыстағы куәлігінің бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

47. Абоненттің газ есептеу құралдары кіреберістерде, баспалдақ торларында, дәліздер мен жекелеген пәтерлерде, жеке үйлерде орнатылуы мүмкін.

Абонент газ есептеу құралдарына еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

48. Абонент оның пәтерінде немесе жеке үйінде орнатылған газ есептеу аспабының сақталуы мен бүтіндігі үшін жауапкершілікте болады.

Газды есептеу аспаптары көп қабатты үйлердің кіреберістерінде, баспалдақ торларында, дәліздерінде орнатылған кезде, олардың сақталуы мен бүтіндігі үшін жауапкершілік тұрғын пәтерлер мен үйлердің иелеріне (жалға алушыларға) немесе пәтерлердің меншік иелерінің кооператорларына жүктеледі.

49. Абоненттің (пәтерлердің меншік иелері немесе иегерлері) кіреберістерде, баспалдақ торларында, дәліздерде орнатылған газ есептеу аспаптарын белгісіз біреулер сындырған немесе ұрлаған жағдайда, пәтерлердің меншік иелері (иегерлері), егер тараптардың келісімдерінде басқаша көзделмеген болса, бір ай ішінде қалпына келтіруге міндетті. Есептеу аспабын қалпына келтірген сәтке дейін абонент өзін газ желісіне қосуды талап етуге құқылы.

50. Газ есептеуді ұйымдастырумен байланысты және Ережемен реттелмеген мәселелер уәкілетті орган монополияға қарсы органмен келісіп анықтаған тәртіпте реттеледі.

8-тарау. Газдың жеткізілуі мен оны тасымалдау үшін есеп айырысу

51. Газды жеткізу, алу және тасымалдау жасалған шартқа сәйкес өтемді негізде жүзеге асырылады.

52. Газ бағасы мен оны тасымалдау тарифі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті шарттарда көрсетіледі.

53. Жеткізілген газ үшін есеп айырысу мен төлем мерзімі аванстық төлемдер қолданыла отырып, тиісті шарттармен белгіленеді.

54. Қазақстан Республикасының аумағында тұтыну үшін арналған газды газ құбырларымен тасымалдауға және газ қоймаларында сақтауға тарифтер белгілеу, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

55. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы газдың транзиті, қазақстандық газдың экспорты мен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс газды сақтау жөніндегі қызмет көрсету тарифтерді транзит, экспорт немесе сақтау тараптар шарттарымен шарттық негізде белгіленеді.

3-бөлім. Газ сатудың тәртібі

9-тарау. Газ тұтынушыларды жіктеу

56. Тұтынушылар газбен қамтамасыз етілу басымдығына қарай мынадай с а н а т т а р ғ а б ө л і н е д і :

- 1) газды тұрмыстық мақсатқа пайдаланатын тұрғындар;
- 2) коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;
- 3) үздіксіз технология процесінде өнім шығару үшін газды шикізат немесе отын ретінде қолданатын тұтынушылар;
- 4) газбен жабдықталуы заңнамамен белгіленген тәртіппен көктем-қыс кезеңдерінде отынның резервтік түріне жартылай немесе тұтастай ауыстырылу жолымен реттелетін электр станциялары мен өнеркәсіптік кәсіпорындар;
- 5) қалған тұтынушылар.

4-бөлім. Тараптардың газды жеткізу, тасымалдау және сату жөніндегі құқықтары мен міндеттері

10-тарау. Тараптардың шарт жөніндегі құқықтары мен міндеттері

57. Тараптар Ережеге және Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық нормативтік актілеріне сәйкес шарттың міндеттемелерін орындауға жауапкершілікте болады.

58. Т а с ы м а л д а у ш ы :

- 1) жеткізуші газ сапасы жөніндегі талаптарды бұзған;
- 2) газды қабылдау (беру) пунктіне дейін жете жеткізбеген;
- 3) жеткізуші газды қабылдау (беру) пунктіне дейін жеткізу көлемін төмендеткен ;
- 4) газды қабылдау (беру) пунктінде газдың қысымы төмендеткен;
- 5) Ереженің 3-тарауына сәйкес тұтынушылар газды орташа тәуліктік тұтыну нормасынан 5 %-ке қарағанда артық тұтынған;
- 6) жеткізуші және/немесе тұтынушы тасымалдау шартында көзделген тасымалдаушының қызметі мен айыптау санкцияларын төлеу туралы шарт жағдайын орындамаған жағдайда ;
- 7) тежеусіз күштер жағдаяттарының болуы, соның ішінде қондырғылар мен газ тасымалдау жүйесінің немесе жабдықтың механикалық зақымдануы сияқты, газ тасымалдау жүйесінде апаттар немесе апаттық жағдайлар туындағанда газ тасымалдауды шектеуге немесе тоқтатуға құқығы бар.

59. Т а с ы м а л д а у ш ы :

- 1) газ тасымалдау шартының ережелеріне сәйкес бірқалыпты және үздіксіз газ тасымалын қамтамасыз етуге ;
- 2) газ есебінің дұрыс жүргізілуін тексеру мақсатында техникалық қауіпсіздік нормалары талаптарына қатаң сәйкестікте газ есептеу құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге ;
- 3) газ тасымалдау шартының ережелеріне сәйкес газбен жабдықтау режимінің болуы мүмкін өзгерістері туралы жеткізушіге, тұтынушыға хабарлауға міндетті.

60. Ж е т к і з у ш і :

- 1) газ үшін дер кезінде және толық көлемде төлем алуға;
- 2) газды тұтыну мен дер кезінде төлем жасау үшін бақылауды жүзеге асыруға ;

3) тұтынушылар :

газға төлем төлеу тәртібін;

газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану және есебін алу аспаптарын пайдалану талаптарын бұзған жағдайда біржақты тәртіппен газ беруді тоқтатуға құқылы.

61. Ж е т к і з у ш і :

- 1) нормативтік талаптарға сай газ сапасын қамтамасыз етуге міндетті;

жеткізілген газдың сапасына байланысты келіспеушіліктер болған кезде жеткізуші, тасымалдаушы және тұтынушы мұндай келіспеушіліктерді шарт жағдайларына сәйкес шешеді.

Газдың сапасына бойынша даулар мен келіспеушіліктерді реттеу мүмкін болмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта қаралады ;

2) тұтынушыларды газдың тарифі, төлем шарты, газбен жабдықтау режимі туралы хабардар етуге ;

3) шартта белгіленген мерзімде жеткізілетін газдың мөлшері мен сапасын қадағалау және есебін жүргізу, тұтынушыға жеткізілетін газдың сапасын бұзуды болдырмау және алдын-алу жөнінде дер кезінде шаралар қабылдауға;

4) газдың сапасы мен оның төлем мөлшерінің өзгеретіні туралы тұтынушыларға 10 күннен кешіктірмей хабарлауға;

5) газ тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетулерге дер кезінде төлем жасауға ;

б) тасымалдаушыға оның талабы бойынша мынадай ақпаратты: тұтынушылар санын, тұтыну көлемін, тұтынушыларда орнатылған газ есептеу аспаптарының түрлері мен газ есептеу аспаптарының көрсеткіштерін, тұтынушыларда орнатылған газ тұтыну қондырғыларының тізбесі мен түрлерін беруге;

7) тұтынылған газдың көлемін бақылауға;

8) газ тарату ұйымдарының пайдаланушылық жауапкершілік шекараларынан бастап әрбір абонентке дейінгі туындаған газ шығынының есебін жүргізуге, соның ішінде рұқсатсыз газ алуды қадағалауға және алдын алуға;

9) тұтынушылармен газ жеткізуге шарт жасасуға;

10) Ереженің 8-тарауына сәйкес тұтынушыға ай сайын төлем шотын көрсетуге міндетті.

6 2 . Т ұ т ы н у ш ы :

1) газ жеткізу мен оны тасымалдау жөніндегі шартта айтылған сапа мен санда газды пайдалануға және алуға ;

2) заңнамамен белгіленген тәртіппен және шарттың талаптарына сәйкес газ бен оны тасымалдау қызметінің тарифтері туралы ақпарат алуға;

3) газды жеткізу мен оны тасымалдау шартында көрсетілмеген үзілістер уақыты үшін газға және оны тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге төлем жасасам ауға ;

4) газды жеткізушілермен, тасымалдаушылармен шартты, егер алдын ала жеткізушіге, тасымалдаушыға ескертілген және газ және оны тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетулер үшін толық төлем жасаған жағдайда бір жақты бұзуға құқығы бар.

63. Тұтынушы :

- 1) газды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауға;
- 2) тасымалдаушы, жеткізуші немесе мамандандырылған ұйым өкілдерінің апаттарды жою, жөндеу жұмыстарын жүргізу, есептеу және бақылау аспаптарын байқап көру үшін газ есептеу құралдарына, газ құралдары мен қондырғыларына қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 3) газды шарт ережелеріне сәйкес пайдалануға;
- 4) жеткізушімен газбен жабдықтау шартын жасасуға міндетті.

64. Тұтынушыға :

- 1) жеткізушінің, тасымалдаушының келісімінсіз үйдің ішіндегі, пәтердің ішіндегі газ құбырлары мен газ қондырғыларын қайта жабдықтауға;
- 2) қолда бар газ есептеу схемасына (жүйесіне) өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

65. Тасымалдаушы мен тұтынушы газ жеткізу не қабылдау режимін бұзуға әкеліп соғатын газбен қамту объектілеріндегі ақаулар мен апаттар жөнінде бір-біріне жедел хабар беріп отыруға міндетті.

66. Тасымалдаушы жеткізушінің өтінімі бойынша тұтынушылардың газ тұтыну режимі туралы жедел ақпарат береді.

67. Жеткізушіге :

1) басқа тұтынушылардың талаптарды орындамау салдарынан, егер шартта көрсетілмесе немесе міндеттілік мәнінен туындамаса, тұтынушының газ алуын шектеуге немесе бермеуге;

2) тұтынушылардан ай сайынғы жеткізген газ үшін шот бермей тұрып төлем жасауын талап етуге тыйым салынады.

11-тарау. Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

68. Жеткізуші, тасымалдаушы және тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарттарға сәйкес Ережені бұзғаны үшін жауапкершілікте болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2003 жылғы 11 маусымдағы
N 568 қаулысымен
бекітілген

**Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу,
тасымалдау және пайдалану ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасында сұйытылған көмірсутекті газдарды (бұдан әрі - СКСГ) пайдалану саласында бірыңғай техникалық және есептік саясат жүргізу мақсатында түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қызметін белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Ереже СКСГ-ні өндіретін, тасымалдайтын, тарататын және тұтынатын, сондай-ақ СКСГ жабдықтау жүйелерін жобалау салу-монтаждау пайдалану және іске қосу-баптау жұмыстарымен айналысатын барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

3. Тұрғын үй-жайларды газбен жабдықтаумен байланысты мәселелер осы Ережемен реттеледі.

4. Жаңадан салынатын, жобаланатын және қайта жаңғыртылатын үймереттер, газ толтыру станциялары, газ толтыруы пункттері Қазақстан Республикасының өнеркәсіпте жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1993 жылғы 15 сәуірде бекіткен Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесінің (бұдан әрі - Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесі), осы Ереженің және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5. Газбен жабдықтау жүйелерін жобалаумен, салумен, пайдаланумен және іске қосумен және реттеумен айналысатын инженерлік-техникалық қызметкерлер мен қызмет көрсететін персонал, газ-көлік ұйымдарының қызметкерлері мен персоналы, сондай-ақ газ шаруашылықтары үшін кадрлар дайындау жөніндегі курстар мен оқу комбинаттарының оқытушылары Ережені, Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесін және жабдықтарды, объектілерді қауіпсіз пайдалану жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттардың ережелерін білуге аттестациялауға жатады және жұмысқа жіберілер алдында Газ шаруашылығының қауіпсіздік ережелеріне сәйкес газ тораптық ұйымдағы комиссияға емтихан тапсырулары тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Газ шаруашылығы объектілерін жобалаумен, салумен, пайдаланумен, сондай-ақ газ құбырлары бойынша, теміржол цистерналарымен және автогазтасымалдағыштармен СКСГ-ны тасымалдаумен, тұтынушыларды газбен

қамтамасыз етумен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялау "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының заңына және осы қызметті реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

7. Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

абонент - қайта сату құқығынсыз өз қажеті үшін газ сатып алуға шарт ж а с а с қ а н ж е к е т ұ л ғ а ;

газбалонды құрылғы - бір немесе бір топ пәтерді газбен қамтамасыз ететін, сондай-ақ өнеркәсіптік мақсаттарда пайдаланылатын тұрмыстық газ баллонынан, газ құбырлары жүйесінен, қысымның жеке реттеушісінен тұратын құрылма;

газды пайдаланатын қондырғылар - газды отын ретінде пайдаланушы қазандар, өндірістік пештер және басқа да қондырғылар;

газ толтыру станциясы - газды қабылдап алуды, сақтауды, тұрмыстық баллондарға, автогазтасымалдағыштарға құюды, газды тұтынушыларға босатуды , газ баллондары мен сақтандыру-бекітпе арматураларын жөндеудің барлық түрлерін, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың ішкі байқауы мен гидравликалық сыналуын, одан әрі пайдалануға жатпайтын баллондарды жою мен ұқсатуды жүзеге асырушы газ шаруашылығының объектісі;

газ толтыру пункті - газды қабылдап алу, сақтау, тұрмыстық баллондарға, автогазтасымалдағышқа құюды; газды тұтынушыларға босатуды жүзеге асырушы газ шаруашылығының объектісі;

газ тораптық ұйым - өзіне газ толтыратын станцияны немесе газ толтыратын бекетті, газбен жабдықтау жүйесін пайдалану қызметін, оның ішінде апаттық-диспетчерлік қызметті, орталық диспетчерлік қызметті, үй ішілік газ қызметін көрсететін бригаданы, зертхананы, өндірістік-техникалық бөлімді, азаматтық қорғанысты қалыптастыруды, техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бөлімін қамтитын газ шаруашылығының объектілерін, өнеркәсіп базаларын пайдалануға және техникалық қызметтер көрсетуге арналған лицензиясы бар мамандандырылған ұйым болып табылатын газ шаруашылығының ұйымы;

топтық резервуарлық қондырғы - тұрғын үй ауқымына газ беруді қамтамасыз ететін сақтандыру-бекітпе және берілген режимде реттеуші арматурасы бар СКСГ-ны сақтауды қамтамасыз етуге арналған, ыдыстар тобынан, ыдыстан үй ішілік газ құбырына дейінгі СКСГ-ны тасымалдауды қамтамасыз ететін газ құбырлары жүйесінен тұратын газ шаруашылығының объектісі болып табылатын ү й м е р е т ;

тасымалдаушы - СКСГ-ны тасымалдауды жүзеге асыру үшін тиісті рұқсаттық

құжаттар алған меншігінде немесе жалға алған немесе өзге де заңды құқықта газ құбырлары бар және/немесе мамандандырылған теміржол, су (өзен немесе теңіз) және/немесе автомобиль паркі бар заңды немесе жеке тұлға;

жеткізуші - СКСГ-ны өндіруді немесе көтере жеткізуді жүзеге асырушы газмұнай өңдейтін зауыттар немесе өзге де ұйымдар;

тұтынушы - Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесінің талаптарына сәйкес сұйытылған газды пайдалану құқығына рұқсаты бар, өзі тұтыну үшін немесе кейін сату мақсатында СКСГ-ны сатып алуға шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлғалар;

сұйытылған көмірсутекті газдар немесе СКСГ - газмұнай өңдеу зауыттарында өндірілетін мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін, қалыпты жағдайда газ түрінде, ал шамалы артық қысымда-сұйық күйде болатын көмірсутектердің қоспасы;

газбен жабдықтау жүйесі - газ құбырлары, газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, газбаллонды қондырғылар, газ құбырларындағы үймереттер, электр- химиялық коррозиядан қорғау құралдары, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары ғимараттарының, қазандықтардың, тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындардың, қоғамдық ғимараттар мен тұрғын үйлердің газ жабдықтары;

уәкілетті орган - мұнай-газ өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

газ жабдығы - газ құбырларының құрамдас элементі ретінде пайдаланылатын толық зауыттық дайын күйдегі техникалық бұйымдар (компенсаторлар, конденсат жинақтары, құбырлық бекітпе арматура, газ аспаптары), газды пайдаланатын қондырғылар.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.24. N 870 , 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.22 N 1398 Қаулыларымен.

3. СКСГ-ды тасымалдау

8. Тасымалдаушы СКСГ-ны тасымалдауды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тасымалдауға тапсырыс берушімен жасалған шарттың негізінде жеткізушіден газтораптық ұйымдарға дейін жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден СКСГ-ны тасымалдау кезінде тасымалдаушы кедендік бақылау органдарына СКСГ-мен байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияны және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес басқа да құжаттарды ұсынуы тиіс.

10. Жеткізуші (тұтынушы) СКСГ-ны газ толтыру станциясына немесе газ толтыру пункттеріне дейін тасымалдауға өтінім беруге және шарт жасасуға құқылы. Бұл үшін өтінуші СКСГ-ны иелену құқығына ресурстық анықтама мен газ толтыру станциясына немесе газ толтыру пункттерімен мәлімделген газ көлемін жауапты сақтауға жасасқан шартты ұсынуы қажет (соңғысы газтораптық ұйым тұтынушы болып табылған жағдайда ұсынылмайды).

11. Тасымалдаушы СКСГ-ны тасымалдауға өтінім түскеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей өтінім берушіге қол қою үшін шарттың жобасын немесе уәжді бас тартуды жолдайды.

4. Тұтынушылармен СКСГ-ны беруге шарттар жасасу және газ тораптық ұйымының қызметтерін беру тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.16 . N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Газтораптық ұйымдар мен СКСГ-ны тұтынушылар арасында СКСГ-ны беруге шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

12-1. Табиғи монополия саласында қызметін жүзеге асыратын газ тораптық ұйымдар табиғи монополиялар саласына жатпайтын өзге қызметті табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12-2. Табиғи монополия саласына жатқызылған газ тораптық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу тәртібі мен шарттары табиғи монополия саласына жататын, ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тиісті үлгі ш а р т п е н а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12-3. Табиғи монополия саласына жатқызылған газ тораптық ұйымның қызметтеріне қол жеткізуге рұқсат беру табиғи монополиялар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. СКСГ-ны тұтынушылар (абоненттерден басқа) газтараптық ұйымдармен шарт жасасқанға дейін төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдардан СКСГ-ны пайдалану құқығына рұқсат алуға міндетті.

14. Тұтынушыларды (абоненттерді) көп қабатты тұрғын үйлердегі - пәтерлердің (үй-жайлардың) меншік иелерін (жалгерлерді) газбен жабдықтау топтық резервуарлық қондырғылар арқылы пәтердің меншік иесі (жалгер) және газтараптық ұйым арасындағы газды тасымалдау үшін жасалған шарт ережелері негізінде немесе кондоминиум объектісін басқару органы мен газтараптық ұйым арасында жасалған шарт ережелері негізінде жүзеге асырылады.

15. Топтық резервуарлық қондырғысы бар және тұрғын үй-жайларды жылыту , ыстық су дайындау үшін СКСГ-ны пайдаланатын жеке тұрғын үй иелерін газбен жабдықтау топтық резервуарлық қондырғысы бар иегер мен газтараптық ұйым арасындағы шарт ережелері негізінде жүзеге асырылады.

16. Абоненттерге баллондардағы газды сату шарт жасаспай-ақ, өтінім б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Газтараптық ұйым абонентке сатылатын әрбір баллонға кепілдік сапа т а л о н ы н б е р у г е м і н д е т т і .

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Газтараптық ұйым және/немесе тұтынушы газды баллондарда сатып алушы абоненттерді есепке алуға, абоненттік нөмір беруге, газбаллондық қондырғылардың авариялық және жоспарлы қызмет көрсетуі қамтамасыз етуге міндетті.

18. СКСГ-ы бар баллонды тұтынушы баллонның техникалық жай-күйіне жауапкершілікте болатын газтараптық ұйымнан сатып алуы тиіс. Тұтынушы жеке газбаллондық қондырғыны пайдалану кезінде газ шаруашылығындағы қауіпсіздік техникаларының ережелерін сақтауға жауапкершілікте болады.

Егер абонент кепіл талонынсыз, күдікті көздерден газ сатып алса, баллонды өздігінен қысымды реттегішке қосса, баллонның қауіпсіз пайдаланылуына және оның техникалық жай-күйіне абонент баллонды пайдаланудың барлық кезеңінде жауапкершілікте болады.

5. СКСГ-ның шығысын есепке алу және оны тұтынғаны үшін есеп айырысу

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Газ толтыру станцияларынан, газ толтыру пункттерінен СКСГ-ны босату салмақтық әдіспен жүзеге асырылады.

20. Баллонға құйылатын СКСГ-ың мөлшері Қазақстан Республикасының өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1994 жылғы 21 сәуірде бекіткен Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату мен қауіпсіз пайдалану ережесінің (бұдан әрі - Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату мен қауіпсіз пайдалану ережесі) талаптарына сай болуы тиіс.

21. Газ толтыру станцияларынан, газ толтыру бекеттерінен СКСГ-ны босату кезінде автоцистерналардағы құйылған СКСГ-ың мөлшері автомобильдік т а р а з ы л а р д а а н ы қ т а л а д ы .

Автогазтасымалдағыштарды өлшеу толтырылғанға дейін және одан кейін жүргізіледі; айырма құйылған газдың килограмдағы санын анықтайды.

Газ толтыру станцияларында, газ толтыру пункттерінде, топтық резервуарлық қондырғыларда газ тораптық ұйымның СКСГ-ның шығысын есепке алуы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құжатпен белгіленеді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Тұтынушының талап етуі бойынша жеткізуші автогазтасымалдағыштарға бақылаулық өлшеу жүргізуге міндетті; бақылаулық өлшеу нәтижелері бойынша т и і с т і к е с і м ж а с а л а д ы .

Бақылаулық өлшеу нәтижелері бойынша жеткізуші көрсеткен салмақ сәйкес болған жағдайда оны жүргізуге кеткен шығындарды тұтынушы төлейді; бақылаулық өлшеу нәтижелері бойынша СКСГ-ың жетіспеу фактісі анықталған жағдайда барлық шығындарды жеткізуші төлейді. Бұл ретте жеткізуші тұтынушыға жетпеген газ көлемін толтыруға немесе жетпеген көлемнің ақшалай түрдегі құнын өтеуге міндетті.

22-1. Топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыларға бөлінген СКСГ-ның мөлшері көлемдік әдіспен анықталады және тұтынушылардың газдың коммерциялық есебін алу аспаптарының көрсеткіштерін немесе газдың коммерциялық есебін алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылар пайдаланған және тұтыну нормасы бойынша есептелген газ көлемін жиынтықтау жолымен е с е п т е л е д і .

Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23. Көп қабатты тұрғын үйлерді газбен жабдықтау кезінде топтық резервуарлық қондырғылардан әрбір жеке пәтер пайдаланған газ санының есебі

газды есептеу аспабының көмегімен, ол болмағанда - тиісті мемлекеттік орган бекіткен тұтыну нормасы бойынша анықталады.

23-1. Тұтынушылардың оларға СКСГ-ны жеткізгені үшін есеп айырысуы заңнамада белгіленген тәртіппен белгіленетін бағаларға сәйкес жүргізіледі.

Газ толтыру станцияларынан СКСГ-ны алатын тұтынушылар үшін бағалар СКСГ-ның бір килограмы үшін белгіленеді.

Коммерциялық есебін алу аспаптары бар тұтынушыларға бағалар СКСГ-ың бір текше метрі үшін белгіленеді.

Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23-2. Тұтынушы тұтынған СКСГ үшін есеп айырысу газ тораптық ұйымның газды коммерциялық есепке алу аспаптарының мәліметтері негізінде жазып берген төлем құжаты бойынша СКСГ-ны жеткізуге арналған шарт ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 23-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23-3. Абонентпен СКСГ-ны тұтынуды есепке алған деректер болмаған кезде, газ тораптық ұйым абоненттің газды коммерциялық есебін алу аспабының нақты деректері бойынша кейіннен қайта есептесу арқылы тұтыну нормасы бойынша есеп айырысу жүргізеді.

Ескерту. 23-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23-4. Тұтынушының кінәсінен емес және СКСГ-ны тұтынуды есепке алу деректерінің дұрыс еместігін тудырған газдың коммерциялық есебін алу аспабының бұзылуы айқындалған жағдайда, газ тораптық ұйым СКСГ-ны тұтынуды тұтыну нормасы бойынша қайта есепке алуды, бірақ алдыңғы өткен үш айдан аспайтын мерзімде жүргізеді. Егер коммерциялық есепке алуды көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаса, СКСГ тұтыну есебінің тәртібі және есебін қалпына келтіру мерзімдері тұтынушы мен газ тораптық ұйым арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

Ескерту. 23-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23-5. Пәтерлерде тұрып жатқан абоненттердің санын есепке алуды газ тораптық ұйым жүзеге асырады.

Абоненттің пәтерінде тұрып жатқан адамдар санын есепке алу тәртібін

айқындайтын шарттарды абонентпен СКСТ-ны жеткізуге арналған шартқа газ т о р а п т ы қ ұ й ы м е н г і з е д і .

Ескерту. 23-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Газбен жабдықтау жүйесін жобалау үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар

24. Жаңадан салынатын және жаңғыртылатын газбен жабдықтау объектілерін жобалау үшін жеке немесе заңды тұлға (тапсырыс беруші) ұсынатын жобалау және техникалық шарттар тапсырмасы негіз болып табылады.

25. Газтораптық ұйым газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін дамытуға техникалық ережелерді бере отырып:

топтық резервуарлық қондырғы ыдыстарының санын ұлғайтудың техникалық негіздемесін ;

топтық резервуарлық қондырғыға, газ өткізгіштер мен олардың үймереттеріне қойылатын техникалық талаптарды;

жерасты үймереттерін коррозиядан қорғау жөніндегі қажетті шараларды; заңнамаға сәйкес қосымша талаптарды көрсетеді.

26. Техникалық шарттарды орындау жобалау ұйымдары үшін міндетті болып табылады; техникалық шарттардан ауытқуға оларды берген ұйымдардың рұқсатымен ғана жол беріледі.

27. Газ толтыру пунктін жобалау кезінде тапсырыс берушімен (газ тораптық ұйыммен) авариялық өтінімдерді орындауға және тұрмыстық газ баллондарын жөндеуге қызметтің осы түріне лицензиясы бар ұйыммен шарт жасасу қажеттілігін ескеру керек.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

28. Газбен жабдықтау объектісін салу жобасы міндетті тіркеуге, мемлекеттік экологиялық сараптауға және мемлекеттік экологиялық қызмет пен төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдармен келісуге жатады.

7. Газбен жабдықтау жүйесін салу және пайдалануды іске қосу

29. Газбен жабдықтау жүйелерінің объектілері төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдарда міндетті тіркеуге жатады.

30. Құрылыс-монтаж ұйымы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органды құрылыстың басталатыны туралы жұмыс басталғанға дейін бес күн бұрын хабардар етуі тиіс.

31. Құрылыстың аяқталуы бойынша газбен жабдықтау объектісін пайдаланудың техникалық дайындығын анықтау үшін газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес жұмыс комиссиясы құрылады.

Жұмыс комиссиясына қосу-реттеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат беріледі. Жұмыс комиссиясы технологиялық жабдық пен инженерлік жүйелерге бақылау сынақтарын жүргізеді, оның нәтижелері бойынша дайындығы туралы қорытынды ресімделеді.

32. Газбен жабдықтау объектілерін пайдалануға қабылдап алуды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

33. Жеке тұрғын үйлердің, кондоминиум объектілерінің газбен жабдықтау объектілерін пайдалануға қабылдап алуды газтораптық ұйымның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

34. Газды бастапқы жіберуді газтораптық ұйымның қызметкерлері Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес газ қаупі бар жұмыстарды жүргізуге арналған наряд бойынша жүргізеді.

8. Газбен жабдықтау жүйесін пайдалану

35. Газбен жабдықтау жүйесін пайдалануды газтораптық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

35-1. Тұтынушылардың газ жабдықтарын газ тораптық ұйымның газ құбырларына қосуы газ тораптық ұйым беретін техникалық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

36. Өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық объектілердің, көп қабатты тұрғын үйлердің және жеке тұрғын үйлерін топтық резервуарлық қондырғысына газ беруді тоқтату мынадай жағдайларда жүргізіледі:

тұтынушының шарттық міндеттемелерді орындамауы;
газбен жабдықтау жүйесінің техникалық ақаулығы;

жоспарлы жөндеулердің, ыдыстардың ішкі байқаулары мен гидравликалық сынақтарының жүргізілуі, барына жаңадан орнатылған газ өткізгіштерді қосу;

ыдыстарды белгіленген мерзімнен тыс пайдалану;
СКСГ-ны пайдалануға төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдардың тыйым салуы.

37. Жекелеген пәтерлерге, кіреберістерге газ беруді тоқтату немесе көп қабатты тұрғын үйлердің жеке пәтерлерінің газ тұрақтарын ағыту, егер шартпен өзгеше белгіленбесе немесе міндеттеме мәнінен туындамаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй меншік иесінің немесе кондоминиум объектісі басшысының жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

38. Газ жабдықтарын пайдалану кезінде тұтынушылар Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесінің талаптарын сақтайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.01.16. N 22 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8-1. Газды есепке алудың коммерциялық аспаптарын орнату және пайдалану

38-1. СКСГ тұтынушыларының газды пайдаланатын қондырғылары тұтынылған газ үшін газ тораптық ұйыммен есеп айырысу үшін газды коммерциялық есепке алудың қажетті аспаптарымен қамтамасыз етіледі. СКСГ-ның есебін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген есептеу аспаптары пайдаланылады.

38-2. Газды коммерциялық есепке алу аспаптарын тексеру Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде көрсетілген аспапқа аралық тексеру интервалына сәйкес, сондай-ақ мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша олардың көрсеткіштерінің дұрыстығына және оның есебіне күмән келтірілген жағдайда жүргізіледі.

38-3. Газды коммерциялық есепке алудың орнатылған аспабы газдың коммерциялық есебін алу аспабының бастапқы көрсеткіштері, аспаптың маркасы және басқа да қажетті мәліметтер көрсетілетін акті жасала отырып, СКСГ-ны тұтынушыға жеткізетін газ тораптық ұйымда міндетті тіркелуден өтеді.

38-4. Газды коммерциялық есепке алу аспабының есептеу тетігі қаптамасының бекіткішінде тексеруге құқығы бар ұйымның пломбасы, ал газ құбырымен қосылған жерінде - газ тораптық ұйымның пломбасы болуы тиіс.

38-5. Газды коммерциялық есепке алу аспаптарының техникалық сипаттамалары газды пайдаланатын жабдықтардың зауыттық паспорттарында көрсетілген техникалық деректермен салыстырмалы болуы тиіс.

38-6. Абоненттердің газды: коммерциялық есепке алу аспаптары газ тораптық ұйымның қызметкерлері оларды байқау үшін кедергісіз кіруді қамтамасыз ететін жерлерге орналастырылады.

38-7. Газды коммерциялық есепке алу аспабын және пломбасын қарау мақсатында, сондай-ақ СКСГ-ны жеткізуге арналған шарт ережелерін абоненттің орындауы мәніне газ тораптық ұйымның өкілі абонентке барады және СКСГ-ны жеткізуге арналған шартта белгіленген тәртіппен газ тораптық ұйымның өкілі және абонент (оның өкілі) қол қоятын актіні ресімдейді.

Акті абоненттің қол қоюдан бас тартқан кезінде де, бірақ оны газ тораптық ұйымның және/немесе кондоминиумды басқару органының өкілдерінен тұратын құрамында кемінде үш адам бар комиссия ресімдеген, сондай-ақ абоненттің (оның өкілінің) қол қоюдан бас тартқаны туралы жеке актіні ресімдеген жағдайда жарамды деп есептеледі. Бас тартқаны туралы актіге газ тораптық ұйымның өкілі және абонент (оның өкілі) қол қояды.

9. Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

39. СКСГ-ны жеткізушілер мен тұтынушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікте болады.